

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды бақылау және инспекциялық қызметті қамтамасыз ету орталығы мен Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 22 ақпан N 277

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды бақылау және инспекциялық қызметті қамтамасыз ету орталығы мен Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы келісімге қол қойылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы Байланыс департаментінің бастығы Мүбәрәк Орынбекұлы Орынбековке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды бақылау және инспекциялық қызметті қамтамасыз ету орталығы мен

Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы келісімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды бақылау және инспекциялық қызметті қамтамасыз ету жөніндегі орталық пен Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы

КЕЛІСІМ

Төменде тараптар аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі,

олардың мемлекеттері арасындағы қару-жарақты бақылау жөніндегі және қауіпсіздікті нығайту жөніндегі келісімдерді жүзеге асыруды қолдау тілегін мақұлдай
о т ы р ы п ,

қару-жарақты бақылау жөніндегі шарттарға сәйкес талап етілетін, тараптар жүзеге асыратын, хабарламалар беруге қатысты барлық міндеттерді орындау дүние жүзінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту мүддесіне сай келеді деп ұйғара отырып,

Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы 1987 жылғы 15 қыркүйектегі Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталықтар құру туралы келісімді қазіргі заман талаптарына сәйкес келтіруге ұмтыла отырып,

Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Стратегиялық шабуыл қару-жарағын қысқарту және шектеу туралы 1991 жылғы 31 шілдедегі шарт бойынша төменде СШҚЖ-1 туралы шарт аталатын, Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы олардың Орта және кіші қашықтықтағы зымырандарын жою туралы 1987 жылғы 8 желтоқсандағы шартының, төменде ОКҚР туралы шарт аталатын және Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы 1992 жылғы 20 мамырдағы Стратегиялық шабуыл қару-жарағын қысқарту және шектеу туралы шартының Лиссабон хаттамасындағы өз міндеттерін қайтадан мақұлдай отырып, төменде аталғандар туралы келісті:

1-бап

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жанындағы Қару-жарақты қысқартуды бақылау және инспекциялық қызметті қамтамасыз ету жөніндегі орталық пен Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталығын, бұдан әрі Ұлттық орталықтар аталатын, өздерінің тиісті үкіметтерінің атынан және оның бақылауымен іс-әрекет жасайтын, әр Тарап осы келісімнің ажырамас бөлігі

болып табылатын I-Хаттамада көрсетілген хабарларды беруге сәйкес қолданады.

Бұдан әрі, Ұлттық орталықтар арқылы берілетін хабарлар тізбесі, Тараптар арасындағы келісім бойынша, тиісті жаңа келісімдерге қол жеткізілгенде өзгеруі мүмкін.

2-бап

Осы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын II Хаттамаға сәйкес Тараптар өздерінің Ұлттық орталықтары арасында қорғалған ұдайы байланыс желісін орнатады, қызмет көрсетеді және пайдаланады.

3-бап

Тараптар өздерінің Ұлттық орталықтарын, олардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, олар қалай орынды деп санаса, солай толықтырады.

4-бап

Осы Орталықтардың жұмыс істеуіне байланысты мәселелерді қарастыру үшін Тараптар Ұлттық орталық өкілдерінің арасында жүйелі түрде кездесу өткізеді.

5-бап

Осы Келісім Тараптардың қайсысының болмасын басқа келісімдер жөніндегі міндеттерін қозғамайды.

6-бап

Осы Келісім оның күшіне енуіне қажетті ішкі мемлекеттік тәртіптерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді және СШҚЖ-1 немесе ОКҚР туралы шарттар күшін сақтағанға дейін күшінде қалады.

Осы келісімнің күші бұл туралы басқа Тараптың жазбаша хабарламасынан соң 12 (он екі) ай өткеннен кейін кез келген Тарапта тоқтатылуы мүмкін.

Әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі данадан жасалынды

(қол қойылған жері) (қол қойылған күні), сонымен бірге барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН

АМЕРИКА
ҚҰРАМА
ШТАТТАРЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН

/қолы:
(лауазымды тұлғаның аты/

/қолы:
(лауазымды тұлғаның аты/

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды бақылау және инспекциялық қызметті қамтамасыз ету жөніндегі орталық пен Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы Келісімге

I-ХАТТАМА

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды бақылау және инспекциялық қызметті қамтамасыз ету жөніндегі орталық пен Америка Құрама Штаттарының Ядролық

қауіпті азайту жөніндегі орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы ережелерге сәйкес және келісімді орындау мақсатымен Тараптар мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар Ұлттық орталықтар арқылы мынадай хабарламалар түрін береді:

а) СШҚЖ-1 туралы шарт ережелеріне сәйкес қамтылған хабарламалар;

б) ОКҚЗ туралы шарт ережелеріне сәйкес қамтылған хабарламалар;

в) Тараптардың өзара келісімі және Ұлттық орталықтар арасындағы келісім бойынша қару-жарақты бақылау жөніндегі басқа да шарттар мен келісімдердің ережелеріне сәйкес қамтылған хабарламалар.

2-бап

Ұлттық орталықтар арқылы жөнелтілетін ақпараттардың мөлшері мен көлемі СШҚЖ-1 туралы шартты, ОКҚЗ туралы шартты, сондай-ақ Тараптардың келісімі бойынша басқа да болашақ шарттар мен келісімдерді іске асыруда пайдаланылатын көлемдермен қабысуы және сәйкес болуы керек.

3-бап

Әр Тарап, өз білгені бойынша, ізгі ықыластық ишарат білдіру ретінде және сенімді нығайту мақсатында, сонымен қатар Ұлттық орталықтар арқылы осы Хаттаманың 1-бабында қамтылған хабарларға жатпайтын, басқа да хабарларды бере алады.

4-бап

Егер Тараптар өзге келісімге келмесе, Ұлттық орталықтардың байланыс желісі бойынша берілетін барлық хабарлар және осы Орталықтар жүзеге асыратын барлық рәсімдер құпия болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды бақылау және инспекциялық қызметті қамтамасыз ету жөніндегі орталық пен Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы Келісімге

II ХАТТАМА

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жаракты қысқартуды бақылау және инспекциялық қызметті қамтамасыз ету жөніндегі орталық пен Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы ережелерге сәйкес және келісімді орындау мақсатымен Тараптар мына

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Ұлттық орталықтар арасында файлдармен алмасу мүмкіндігі бар тікелей байланыспен қамтамасыз ету мақсатында, Тараптар екі спутник арнасын орнатады және ұстап тұрады. Әр Тарапта қорғалған қызметтік байланыс желісі болады; бір арнаны Қазақстан, ал басқасын - АҚШ ұстайды.

Осыған байланысты:

а) Ұлттық орталықтар арасында байланыс үшін жабдықталған терминалдар орнатылады;

б) Әр Тарап, бір мезгілде 4800 бит/сек беруге және қабылдауға мүмкіндігі бар немесе өзара келісімге орай байланыс желісін қамтамасыз етеді;

в) өзара келісімге жеткенге дейін байланыс Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрлігі мен Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс министрлігі арасындағы Қазақстан Республикасына материалдық-техникалық құралдар мен қызметтер көрсету туралы мемлекетаралық байланыс желісін орнату мақсатында 1993 жылғы 13 желтоқсандағы келісімнің, бұдан әрі МАБЖ келісімі аталатын шарттарына сәйкес Ұлттық орталықтар арасында байланыс орнату бұрынғы тәртіппен жүзеге асырылады.

2-бап

Қорғалған хабарлар беруді қамтамасыз ету үшін келісілген ақпараттарды қорғау құралдары қолданылады.

Осыған байланысты:

а) ақпараттарды қорғау құралдары жеке компьютермен байланысқан немесе интегралданған шифрлауға сәйкес құрылғылардан тұрады, хабар компьютер дискетінің көмегімен немесе басқа бір техникалық тіркесушілік әдіспен енгізіледі;

б) әр Тарап басқа Тарапқа дипломатиялық арналар бойынша түсінуге оңай тиісті криптографиялық материалдарды табыс етеді.

3-бап

Әр соңғы операция бекетінде байланыс жүйесінің функционалдық талаптарына толық сыйысатын және өзара қолайлы халықаралық коммуникациялар стандартына жауап беретін екі байланыс жүйесін, компьютерлер терминалын орнатады және ұстап т ұ р а д ы .

О с ы ғ а н

б а й л а н ы с т ы :

а) осы Хаттаманың 5-бабында қамтылған немесе өзара шарт негізіндегі жағдайды қоспағанда, әр Тарап осы Хаттаманы орындау мақсатына жауап беретін ақпаратты қорғау құралдары мен жергілікті хабар желісіне сәйкес өздерінің меншікті терминалдарын сатып алуына, орнатуына, пайдалануына және қызмет көрсетуіне ж а у а п т ы б о л а д ы ;

б) коммуникациялық жүйе мүмкіндіктерімен толық сыйымды болып табылатын сканер және компьютер файлдарын қамтамасыз етуге қабілетті, онымен байланысты бағдарламалық қамтамасыз ету қолданылады;

в) Қазақстанның Ұлттық орталығынан Құрама Штаттардың Ұлттық

орталығына тікелей хабарлар орыс тілінде және Құрама Штаттардың Ұлттық орталығынан Қазақстанның Ұлттық орталығына ағылшын тілінде беріледі және

қабылданылады;

г) тапсыру және пайдалану рәсімдері Ұлттық орталықтар арасындағы байланыс мақсатының қажетіне қарай бейімделген, және Тараптардың арасында келісілген рәсімдерге сәйкес болады.

4-бап

Байланыс желісінің қызмет етуін үйлестіру үшін, қажетті қорғалған қызмет байланысын орнатады және қызмет көрсетеді.

Осыған байланысты:

а) Осы Хаттаманың 2-бабының а) тармағында айтылғанындай, ақпаратты қорғау құралдарымен қолданылатын қызметтік байланыс терминалдарының, кириллица үшін стандартты орыс клавиатурасы мен Құрама Штаттардың латын шрифті үшін стандартты клавиатурасы және операторлар арасында хабарлар алмасу үшін катод сәулелі түтігімен дисплейі болады. Орыс клавиатурасының кестесі белгіленген талапқа сәйкес болуы керек немесе Тараптар арасындағы өзара келісім негізінде өзгеруі мүмкін;

б) операторлардың жұмысын үйлестіру үшін қызметтік байланыс жүйесінің кескін үйлесімі, хабарды жөнелткенге және қабылдағанға дейін осындай хабарларды үйлестіруге қатысты барлық ақпаратпен алмасуға мүмкіндік беру керек;

в) берілуге байланысты қызметтік байланыс жүйесі бойынша хабарлар, осы Хаттаманың 2-бабының а) тармағында көрсетілген ақпараттарды қорғау құралдарын қ о л д а н у м е н ш и ф р л а н а д ы ;

г) қызметтік байланыс желісі үшін, хабарлар берудегі модемдер мен байланыс ж е л і с і қ о л д а н ы л а д ы ;

д) қызметтік байланыс желісі бойынша алмасу жүзеге асырылатын барлық ақпараттардың мұрағаттық көшірмесі болу үшін, жабдықтар құрамына принтер енгізіледі. Осы келісім талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін принтердің нақты кескін үйлесімін Тараптар айқындауы мүмкін.

5-бап

Ұлттық орталықтар арасында тікелей байланыс орнату үшін Тараптар арасында келісілген сыйымды жабдықтар мен тиісті қызмет көрсету рәсімдері қолданылады. Осы мақсат үшін Қазақстан Тарабы МАБЖ жөніндегі келісімге сәйкес телекоммуникация және қызметтік байланыс үшін қажетті жабдықтарды, қорған құралдарын және қосалқы бөлшектерді пайдаланады, олардың көбін Америка Құрама Штаттары Қазақстан Республикасына МАБЖ жөніндегі келісім негізінде пайдалануға берген.

МАБЖ жөніндегі келісімнің мерзімі біткенде, МАБЖ жөніндегі келісім негізінде пайдалануға берілген барлық құралдар, одан әрі де осы Келісімде айтылған мақсатта ғана қолданылады.

6-бап

Жабдықтардың кескін үйлесімін және телекоммуникация жүйесін пайдалану мен қызмет көрсету үшін қажетті ақпараттар алмасуды қамтамасыз етеді.

7-бап

Жабдықтардың және байланыс желісінің, қызметтік байланыс желісін қоса алғанда үзіліссіздігін, қорғалғандығын және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін осы Хаттамаға сәйкес жауапты болатын әр Тарап барлық мүмкін шараларды қолданады.

8-бап

Байланыс желісін пайдалануға, оған қызмет көрсетуге және одан әрі дамытуға жұмсалатын шығындарды қалай бөлу мен есептеу Тараптардың техникалық сарапшылары арасындағы өзара келісім-шарт негізінде айқындалады.

9-бап

Осы Хаттамада қамтылған дағдылы шараларды орындауға қатысы бар

мәселелерді қарау үшін және одан әрі өзара келісім-шарт негізінде және қажеттілігіне қарай Ұлттық орталықтардың өзара келіскен функцияларына жету үшін және телекоммуникация байланысы мен ақпараттар технологиясын жетілдіру мақсатында Тараптардың техникалық сарапшыларының кездесуі шақырылады.

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК